

**Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қазандағы № 316 "Торғай мемлекеттік табиғи қорығының аумағында шаруашылық қызметтерді шектеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 101 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 наурызда № 6010 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 68, 69-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27 - бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2 - тармағына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қазандағы № 316 "Торғай мемлекеттік табиғи қорығының аумағында шаруашылық қызметтерді шектеу туралы" қаулысына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3228 тіркелген, 2007 жылғы 27 қарашадағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 - тармақтың үшінші абзацында "15 сәуірден 1 қыркүйекке дейін кәсіпшілік балық аулауға" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;
- 3) осы қаулыны Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары М. Е. Абдуллинге жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*О. Оразалин*